

2005 жылы Қазақстан Республикасында ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 60-ө
Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылы Қазақстан Республикасының аумағында ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) 2005 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін ресми халықаралық жарыстардың тізбесі;

2) 2005 жылы Қазақстан Республикасында ресми халықаралық жарыстарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Астана және Алматы қалаларының, Ақмола облысының әкімдері спорт түрлері бойынша тиісті федерациялармен келісім бойынша ресми халықаралық жарыстарды (бұдан әрі - жарыстар) дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, ресми тұлғалар мен жарыстарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, сондай-ақ жарыстарға қатысушы шетелдік азаматтардың Астана және Алматы қалаларының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жарыстарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жарыстарға қатысушыларға көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитетінің шақыруымен Қазақстан Республикасына жіберілетін жарыстарға қатысушы шетелдік азаматтарға консулдық алымдар алмай, визалық қолдау көрсетсін және визалар беруді жүргізсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 23 наурыздағы
N 60-ө өкімімен

бекітілген

**2005 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін
ресми халықаралық жарыстардың тізбесі**

N	Іс-шаралардың атауы	Өткізу мерзімі	Өткізу орны	Жауаптылар
1	2	3	4	5
1.	Волейболдан ерлер командалары арасында әлем чемпионатына қатысу құқығы үшін іріктеу турнирі	15 - 19 сәуір	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясы (келісім бойынша)
2.	Триатлоннан Азия кубогы	29 - 31 шілде	Ақмола облысының Бурабай кенті	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Ақмола облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Триатлон федерациясы (келісім бойынша)
3.	Нысана көздеуден Азия чемпионаты	12-19 қыркүйек	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының атыс спорты федерациясы (келісім бойынша)
4.	Қазіргі көпсайыстан Азия чемпионаты	20 - 26 қыркүйек	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Қазіргі көпсайыс және биатлон одағы (келісім бойынша)
5.	Ерлер және әйелдер арасында самбодан әлем чемпионаты	11 - 14 қараша	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Самбо күресі федерациясы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 23 наурыздағы
N 60 - ө өкімімен

бекітілген

2005 жылы Қазақстан Республикасында ресми халықаралық жарыстарды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Қосыбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
Есетжан Мұратұлы және спорт министрі, төраға

Тұрлыханов - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
Дәулет Болатұлы және спорт министрлігі Спорт істері
комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары

Қанағатов - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
Елсияр Баймұхамедұлы және спорт министрлігінің Спорт істері
комитеті төрағасының орынбасары, төрағаның
орынбасары

Қасымов - Қазақстан Республикасының Парламенті
Мағзам Есенгелдіұлы Сенатының Аппараты басшысының орынбасары
(келісім бойынша)

Лавриненко - Қазақстан Республикасының Көлік және
Юрий Иванович коммуникация бірінші вице-министрі

Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер бірінші
Иван Иванович вице-министрі

Диқанбаева - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
Сәуле Әлкейқызы вице-министрі

Зверьков - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Вадим Павлович министрінің орынбасары

Шүкеев - Астана қаласының әкімі

Өмірзақ Естайұлы

Тасмағамбетов - Алматы қаласының әкімі, Қазақстан
Иманғали Нұрғалиұлы Республикасы Атыс спорты федерациясының
президенті

Есенбаев - Ақмола облысының әкімі

Мәжит Төлеубекұлы

Кулагин - Қостанай облысының әкімі, Қазақстан
Сергей Витальевич Республикасы Триатлон федерациясының
құрметті президенті

Баталов - Алматы облысы әкімінің орынбасары, Алматы
Амандық Ғаббасұлы қаласы мен Алматы облысы Волейбол
федерациясының басшысы

Айтхожин - Астана қаласы әкімдігі дене тәрбиесі және
Азамат Серікұлы спорт басқармасының бастығы

Әбенев - Алматы қаласы әкімінің аппараты дене
Сұлтан Мұрашұлы тәрбиесі және спорт басқармасының бастығы

Кәкішев - Ақмола облысы әкімдігі дене тәрбиесі және
Сапарбек Сақтағанұлы спорт басқармасының бастығы

Атамқұлов - "Қазақстан темір жолы" АҚ-ның президенті,
Ерлан Дүмшебайұлы Қазақстан Республикасы Волейбол

федерациясының вице-президенті (келісім бойынша)

Досымбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада
Тимур Камалұлы комитетінің президенті, Қазақстан
Республикасының Қазіргі көпсайыс және
биатлон одағының президенті (келісім бойынша)

Валиев - Қазақстан Республикасы Самбо күресі
Рафик Гарифович федерациясының президенті (келісім бойынша)

Захарин - "Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет
Юрий Кузьмич сарайы" коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)

Кан - Қазақстан Республикасы Волейбол
Юрий Павлович федерациясының бас хатшысы (келісім бойынша)